

БЕРІК ШАХАНҰЛЫ ПОВЕСТЕРІНІҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Жумагелдин Жанайдар Шаймерденұлы,
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
филология ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, ұ.т 87011389732.**

Қандай халықтың, қандай ұлттың болмасын, рухани, мәдени, төлтума игіліктерін сол халық немесе сол ұлт өзгеге бодан, кіріптар боп тұрғанда талдап, зерделеу бар да, өз еркі өзіне тиіп, өз тізгініне өзі ие болғанда саралап, зерттеу бар. Халықтың, ұлттың рухани игіліктерін жасаушы тұлға – ақын-жазушы өзі ғұмыр кешіп отырған қоғамынан, сол қоғамның талап-тілегінен тыс тұра алмайды. Қоғам ұсынып, талап еткен міндеттерге сөзсіз мойынсыну, сол тілектерді құлшына, еш сөзге келмей орындау бар, сонымен қатар сол талап-тілектерге іштей болса да қарсылық білдіру, шыңғырған шындықты тұспалдап, ишаралап жеткізу бар. Әрине, міндеттің де міндеті болатыны белгілі. Тәуелсіздікті, сол тәуелсіздіктің маңызды да қажетті атрибуты – ұлттық рухты уағыздап, насихаттауға бағытталған талап-тілектер бар, сонымен бірге сананы улап, рухты жаныштауға, мәңгүрттендіруге шақыратын талап-міндеттер болғаны ешкімге де жасырын емес шығар.

Күні кешегі кеңестік заманның руханият саласындағы тарихында қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдың 60-жылдарынан басталатын дәуірінің маңызы айрықша зор. «Кеңестік қоғамда елуінші жылдардың аяғына таман сәл де болса «жылымық» сәт туды. «Жылымық» сәт қыруар өзгеріс, бастамаларға кең жол ашты. Бұған санадағы сілкініс пен серпілістен туындаған құбылыстар себепкер болған еді. Бәрінен бұрын, осынау өзгеріс, жаңару, адамның жүріп өткен жолына ойлылықпен үңілу, болашаққа басқаша қарау – бәрі де қаламгердің санасына орныққан құбылыстар еді дегеніміз жөн. Олай болуы заңды да еді, себебі, адам адам болып жаратылып, оның руханияты пайда бола бастағаннан бері, бүкіл адамзат қоғамында жетекші күшке өнер иесінің, оның ішінде ақын-жазушының айналып, мәдени, рухани ауқымды міндеттер атқарғанын ешкім де жоққа шығара қоймас». [1, 26]

Адамзаттың асыл армандар жолындағы күресін, парасатын жырлап, жан дүниесінің сырын шерту – көркем әдебиеттің әріден келе жатқан басты мұраты. Бұл мақсат ешқашан да өз маңызын жоймақ емес. Қайта күн өтіп, заман өзгерген сайын оның мәні арта түседі. Себебі қай кезде де әдебиеттің өзегі – адам, оның ішкі әлемі. Шын мәніндегі әдебиетте адамгершілік ізденістері болуы міндетті. Зерттеу жұмысымыздың өзегі болған Б.Шаханұлының қай шығармасы да адамгершіліктің алтын ізін салуымен қазақ әдебиетінде өзіндік орын қалдырып отыр.

Қандай туындысын талдасаң да асып-төгіліп жатқан тіл, бояуы қанық сурет арқылы бүгінгі заманымыздың немесе өткен уақыт уақиғаларының көркемдік шындығы өз қалпында көз алдымызға келеді. Жазушы өмірдің өзекті мәселелерін арқау ете отырып, шығармаларында кейіпкерлерін сомдап

өрнектей біледі, сөйлете біледі. Тіршіліктен туындайтын кейбір қайшылықтар сол қалпында жеткізілген.

Қаламгер сомдаған кейіпкерлер арасында әртүрлі мінезді замандастарымызды кездестіреміз. Жазушы шығармаларында ашаршылық әлегі де, соғыс шындығы да, кейінгі кеңестік дәуірде орын алған кейбір кертартпалықта бар. Жазушының кейіпкерлері арасында өмірде кездесетін барлық адамдар психологиясы бар десек қателеспейміз. Сол өмір шындығын, адам мінезін бейнелеуде, көркемдік тәсілдерді қолдануда, көркемдік шешім табуда, тақырып таңдауда жазушы қаламының даралығы аңғарылады.

Берік Шаханұлы 1941 жылы 5 қарашада Жамбыл облысы, Сарысу ауданының Жайылма ауылында дүниеген келген. 1959 жылы орта мектепті бітірген соң, екі жыл шопан болып жұмыс істеген. ҚазМУ-дің филология факультетінің журналистика бөлімін бітірген. 1966-1970 ж.ж. Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетінде әдеби қызметкер, 1970-1973 ж.ж. «Лениншіл жас» газетінде әдеби қызметкер, 1973-1989 ж.ж. «Жазушы» баспасында редактор, аға редактор, 1989-1991 ж.ж. «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер болып істеген. 1991 жылдан Қазақстан Жазушылар Одағында аға референт болып қызмет атқарады. 1996 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі болып сайланды. 2002 жылы Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасы төрағасының орынбасары. 1991 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Кұса» атты повесі мен әңгімелер жинағы үшін Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығына ие болған (1992). Әзербайжан жазушысы Анардың «Ақ жағалау» атты повесі мен әңгімелер жинағын, Владимир Сангидің «Қайырлы маусым» романы мен бір топ әңгімелерін қазақ тіліне аударып бастырған.

Республиканың Құрмет Алтын кітабына есімі жазылған. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалмен, «Еңбектегі ерлігі үшін», медалмен марапатталды. Сарысу ауданы, Жайылма ауылының құрметті азаматы деген атқа ие болды. [2, 116]

Жазушының шығармалары: «Ғашықтың тілі» (1973ж) әңгімелер жинағы, «Ақ иірім» (1979ж) әңгімелер мен повестер жинағы, «Қаратаудың самалы» (1984ж) әңгімелер мен повестер жинағы, «Көрген түстей дүние» (1998ж) таңдамалы әңгімелер жинағы, «Поезда кездескен қыз» (2005ж) әңгімелер жинағы, «Қоңыр жон» (2006ж) әңгімелер мен повестер секілді топтамалары жарық көрген.

Берік Шаханұлы қай туындысында болмасын оқиғаның желісін аша білген, терең ой мен сараптай білген жазушы. Жазушының кез келген туындысы өз оқырманына үлкен ой сала отырып, елітіп, баурап әкетеді.

Берік Шаханұлы шығармашылығының дені әңгімелерге арналады. Дегенмен повестерінің де маңыздылығы зор. Б. Шаханұлы кеңестік өмір кезеңін арқау ететін повестерінде өз оқырманын жалықтырмайды. Айтар ойын, бейнелегісі келген өмір құбылыстарын тартымды оқиғалар арнасында тартымды тілмен шынайы қоғам шындығын алдына жайып салып отырады.

XX ғасырдың 1960-жылдарынан ұлттық әдебиетімізде ауыл өмірі мен тұрмысының өз алдына дербес көркемдік әлемге, жетекші, көркемдік, тарихи

– мәдени жағдайға айналуының әлеуметтік, эстетикалық негіздері бар. Осы уақытта халық өмірінің терең қатпарларына, ұлт тарихы мен тағдырына, мәдениетіне деген көзқарас әрқилы өзгеріске ұшырағаны, әлеуметтік мәні күшейе түскені көпшілікке мәлім. Қазақы ауыл психологиясының қала тіршілігі мен мәдениетіне кірігуі мен бейімделуінің күрделі жағдайда жүріп жатқандығын жіті бақылап отырған авторлар бұл құбылыстың идеялық, адамгершілік негіздерін ашуға, жетістік кемшіліктерін, болашағын бағамдауға күш салды.

Сонымен бірге ауыл өмірін суреттеудің негізгі себебі, ауыл – туған халқымыздың әдет – ғұрпының, өмір сүру салты мен ұлттық психологиясының, ана тілі мен халықтық төл философиясының бастауы алтын бесігі, осы қадір – қасиеттердің бәрін қаймағын бұзбай ғасырлардан ғасырларға сақтап келген алып рухани қоймасы секілді. Сондықтан қазақ жазушылары ауыл өміріне тән ситуациялардан әрбір детальды ерекше ыждағаттылықпен зерттеді.

Жазушы Б.Шаханұлының айрықша зерттегені – адам тағдыры, ауыр кезеңдегі ауыл көрінісі.

Көркем әдебиет туындыларын қаншама тақырыпқа теліп, кесіп-пішіп тастасақ та, әдебиет негізінен бір-ақ тақырыпқа арналады. Ол – адам тақырыбы. Автор мейлі мұнайшыны, мейлі геологты, мейлі малшыны алсын ең негізгі нысанасы – адам, оның тағдыры.

«1970 – 80 жылдары басқа кезеңдерге қарағанда қазақ әдебиетінде, оның ішінде әсіресе повесть жанрында адамгершілік, адамның рухани жан дүниесі, адам мен қоғам, адам мен орта мәселелеріне тереңдеп баруға тырысқан осынау тақырыпты заман, уақыт талабына сай биік көркемдік деңгейде бейнелеп беруді мақсат еткен шығармалар көбірек жазылды». [3,83]

Бір ерекшелігі осынау тақырыптан тыс қалған, бұл тақырыпта қалам тербемеген қаламгерлер некен – саяқ. Ауыл өміріне, тарихи тақырыпқа көбірек ден қойған Т.Әлімқұлов, Ә.Кекілбаев, С.Мұратбеков, М.Мағауин, Т.Нұрмағанбетов, Д.Исабеков, Ж.Түменбаев, сияқты қаламгерлер де бүгінгі заман, бүгінгі қоғам, бүгінгі адам мәселесін көтеретін тақырыптарға жиі – жиі ат басын тіреп отырған. Солардың қатарында өзіміз сөз етіп отырған Б.Шаханұлы да өзінің шығармасының сюжеттік желісін осынау мәселелер арнасынан тапқанын аңғарамыз.

«Жазушыны не нәрсе қатты толғандырса, толқытса, сол түптің түбінде оның болашақ шығармаларының тақырыптарына айналады». [4,9] Осы тұрғыдан келгенде Б.Шаханұлы өз повестеріне тақырыпты дәл тауып, нақ басып қойған, атаған. Себебі шығарма тақырыптары баяндалатын оқиға желісін толық ашып, сюжетке сай дұрыс таңдалған. Сондықтан жазушы тақырыптары арқылы айтар ойын, шығарма идеясын өз оқырмандарына жеткізе білді деуге болады.

Мәселен, шығарма тақырыптарына жеке – жеке тоқталып, астарына мән берсек: «Құса» - уайым, шер, үлкен ауыртпалық. Жазушы басты кейіпкер Серәлінің басынан өткерген жайларын сараптай келіп, халықтың да басынан өткен қасірет – қайғысын Серәлінің жағдайымен аастастыра отырып осы

тақырыпты таңдаса керек. Тақырып жақсы ашылған, қаламгер алдына қойған мақсатына толық жеткен секілді. Ал «Алтын кездік» - біріншіден символдық мәнге ие. Бекбосынның қолына түскен ескі дүние, жай ғана дүние емес алтын, сыйлы кісіден қалған жәдігер. Екіншіден бұл – халықтың ішінде жататын, керек кезінде оянып, керек кезінде шығатын халықтың жігері. Қаламгердің үшінші бір повесі «Қоңыр жон» - бір жағынан алып қарағанда бұл қазақтың жолы, сол жолда өткен адамдардың тағдыры. Екінші жағынан қарасақ «Қоңыр жон» - қазақ халқының мінезі іспетті. Қазақтың мінезінің қоңыр жон секілді екенін көрсеткісі келгендей. «Көгілдір қойнау» мен «Қаратаудың самалы» - тақырыптың өзі айтып тұрғандай тау баурайындағы өсіп – өнген ауыл. Сол ауылдың басынан өткен қарбалас тіршілігі, халық жағдайы суреттелген туынды болғандықтан осы тақырып алынған.

Б.Шаханұлы тақырып таңдауда оқырман ойынан да, өз мақсатынан да шыға білген. Тақырыпты жалаң түрде емес, астарлы, мағыналы етіп таңдаған. Сонымен бірге тақырыпты өзінің өмірлік тәжірибесі негізінде алған деп айта аламыз.

Сонымен бірге Б.Шаханұлының повестерінде диалог, монолог, суреттеу, баяндау секілді поэтикалық құралдар шебер қолданған. Бұл бейнелеу құралдары повестің көркемдігін айрықша аңғартады. Суреттеуді, монологты қолдану арқылы шығарманың, кейіпкердің бітім – болмысын шынайы аша білген және орынды, дәл қолданылған. Ал диалог сипаты жазушы шығармасында әр алуан арнада көрінеді. Бірде диалог арқылы кейіпкер мінезін іштен ашып, алдымызға жайып салса, бірде диалог арқылы қаламгер оқиға желісін ширата, шырықтыра түседі.

Жазушы шығармасында психологизм мәселесі де ерекше мәнге ие. Суреткер кейіпкерлердің психологиялық хал – ахуалын, олардың ішкі әлемін, әсем де иірімді сезімдерін шеберлікпен көрсете білген.

Б. Шаханов шығармаларының жанрлық табиғатына, композициялық құрылысына етене байланысты анық көрінетін бірнеше өзіндік ерекшеліктері де көзге түседі. Бұл орайда жазушының әсіресе повесть жанрын жетік меңгергендігін, оның ең таңдаулы деген көркем дүниелерінің де басым көпшілігі осы жанрдың еншісінде екендігі тегін емес. Жазушы шығармаларында шұбалаңқылық жоқ, қандай тақырыптағы шығармасын алмаңыз, алдымен қаламгердің нақтылық, дәлдік, қысқалыққа ден қоятынын байқаймыз. Оның шығармаларының бас – аяғының өте жинақы, ықшамды, жұмыр, шымыр келетіндігі сондықтан Б.Шаханұлының бүкіл шығармашылық мұрасы осыны дәледейді.

Қорыта келгенде, Б.Шаханұлы повестеріне тән төмендегідей ерекшеліктерді байқаймыз:

1. Адамгершілік ізденістерге толы повестері қазақ прозасының елеулі, табысты шығармалары саналады. Өйткені, қай повесі болмасын адамзат баласы басындағы небір келеңсіз жайттардың (нәпсіқұмарлық, қызғаншақтық, мансапқорлық, пайдакүнемдік, жалақорлық, т.б.) тамыр төркінін ашуға ден қояды. Азаматтық, адамдық ар тазалығы, адалдық, шынайылық, әділдік жазушы шығармаларында көтерілетін асыл қасиеттер.

2. Б.Шаханұлы – қазіргі қазақ прозаиктерінің ішінде қоғам шындығын суреткерлік тереңдікпен жіті сезініп бейнелеген қаламгерлердің бірі. Сондықтан, ол қоғамадағы жеке адам тағдырын басты шығармашылық бағдарына айналдырды. Жалпы Б.Шаханұлы повестерінде қоғамға деген сынды адам тағдыры арқылы көрсетті.

3. Соғыс, майдан, ашаршылық шындықтары көркемдік шындыққа шебер ұласып, жазушының басты шығармашылық қазығына айналды.

4. Қазақ прозасында психологизмнің орнығып дамуына Б.Шаханұлы повестері айтарлықтай үлес қосты.

5. Жазушы кейіпкерлері күнделікті өмірде жиі кездесетін, өмірдің өз ортасынан алынған қарапайым адамдар. Қаламгер қарапайым адамдар образын сомдау арқылы олардың бойындағы ерекше бір ізгілік қасиеттерді көрсетеді. Сол арқылы өзінің адамгершілік танымын көрсетіп отырады.

6. Жазушы қай повестерінде болмасын оқиға тізбегінің барлығын бірдей тәтпіштеп баяндап жатпайды. Кейде авторлық баяндауға берілсе, кейде кейіпкерлердің еске алулары, монологтары, диалогтары арқылы да оқиға желісін жалғастырып өрбітіп отырады.

Сонымен, жазушының прозалық туындыларының ішінде повестерінің көркемдік ерекшеліктерін, повесть жанрына қосқан елеулі табыстарын, әдебиетте бұрыннан қалыптасқан көркемдік компоненттерді суреткерлік шеберлікпен игеру барысындағы тың стильдік ізденістерін саралай келе Б.Шаханұлының қазақ прозасында өзіндік орны, салмағы, дәрежесі бар шебер прозашы екенін айқындаймыз. Біз зерттеу нысанасы еткен Б.Шаханұлы шығармашылығы еркін ақыл - ой мен қажырлы еңбекті тоғыстырған көркемдік кестесі келісті, өзгеше әлем. Өйткені, қалам тартқан қай тақырыбын да сана сүзгісінен өткізіп, өрелі ой айтудың құралына айналдыратын жазушының арман аңсары да асқаралы. Әрине, біз жазушының суреткерлік қыры жөнінде бірде жалпы шолу, бірде нақтылы талдаулар арқылы зерттеу мақсатына сәйкес ой-тұжырымдар түйіндедік. Ал, әрбір мәселені тереңдей қарастырып, өзге қаламгерлермен одан әрі салыстыра қарастырғанда, айтылар ойларға негіз боларлық жайлар да жеткілікті. Ол алдағы іргелі зерттеулердің еншісі деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы, 8 – т. Алматы: Қазақпарат, 2004. – 520 б.
- 2 Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1999. – 645 б.
- 3 Алпысбаев Қ. Тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Жалын, 1999, – 281 б.
- 4 Шаханұлы Б. Ақын – жазушыны біріктіретін ұлттың, халықтың мүддесі // Қазақ әдебиеті газеті. 2010, №35, 10 – қыркүйек.